

Ғ. ҚАРАШ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Еліміз отарлық құрсаудан босағалы асыл жәдігерлеріне зер сала, тарих қойнауын зерттеп, қол жеткен мұраның берер ғибратын зерделеу бақытына ие болды. Қазақ тарихының тереңдігіне куә болар талай құндылық болса да, соның бірегейлері – соңынан баға жетпес еңбек қалдырған қазақтың қоғам қайраткерлері һәм зиялылары болып табылады. Мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірін зерттеу – қашан да күрделі мәселелердің бірі болмақ: “...Ең әуелі, оның өмірі туралы деректер қажет. Екіншіден, табылған құжаттар мен материалдарға ғылыми негізде сараптама жасау үшін зерттеу методоло-

гиясының ауқымын кеңейту ақиқатқа жетуге кепілдік береді. Үшіншіден, тарихи қайраткердің прогрессивтік және регрессивтік жақтарын ғылым таразысына салғанда сынаржақтылыққа салынбай, тұлғаны сан қырынан алып, тұтастай баға беру қажет” [1].

Ақын, қоғам қайраткері Ғұмар Қараш өмірі де өзге тарихи ақтаңдақтармен қатар 1990 жылдардың басында зерттеушілер назарына іліге бастады. 1992 жылы С.Өзбекұлы мен А.Ысмайыловтың “*Ғұмар Қараш: Өмірі мен қызметі*” атты еңбегі, 1993 жылы М.Ә.Тәжімұратовтың “*Ғұмар Қараштың ақындығы*”, 2004 жылы А.А. Ысмайы-

ловтың “*Ғұмар Қарашевтың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары*” атты кандидаттық еңбектері Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметті алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, 1992 жылы жауапты шығарушысы Қ.Сыдиықов болған Ғұмар Қараштың “*Замана*” атты өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдары мен мақалалары топтастырылған жинағы, 2002 жылы “Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы” сериясы бойынша Н.Әжіғалиев пен Ғ.Әнестің құрастыруымен Ғ.Қараштың шығармалары жинақталған “*Қазына*” атты кітап жарық көрген. Бұл еңбектерге қоса, Ғұмар Қараш туралы мәліметті 1997 жылы Қ.Сыдиықұлының “*Халқымен қайта табысқан*”, 1998 жылы С.Өзбекұлының “*Арыстары алаштың*” деген сынды тарихи ақтандақтар өмірін зерттеп жазылған кітаптардан алуға мүмкіндігіміз бар. Әр зерттеушінің өзіндік зерттеу әдісі болғандықтан, баспасөз беттерінде жарияланған зерттеулер алынған нысананы жан-жақты талдауға көмек болар.

Ғұмар өмірі мен шығармашылығы жайында көпшілікке алғаш мәлімет берген ғалым — Есмағамбет Ысмайылов болып табылады. 1939—1945 жылдары Е. Ысмайыловтың еңбектерінде Ғ.Қараш туралы біраз дерек келтірілген. Одан кейін Ғ. Қараш туралы зерттеу еңбектер легі, жоғарыда айтылғандай, 90-жылдардан бері белең алған. Ғ.Қараштың өміріне қатысты материалдардың ішінде оның өмірін зерттеудегі мәселелерге байланысты төмендегідей мәлімет кездеседі. 1995 жылы “*Жұлдыз*” журналында жарияланған “*Ғұмар Қарашұлы туралы жаңа деректер*” атты мақалада: “Қазақ Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорына ақынның жерлесі, өзін көріп, өлеңдерін жатқа біліп, қағазға түсірген мұғалім Иманбай Жұмағазиев берген екі папка жоғалып кеткен. Тұлғаның өмір жолын зерттеу үшін ақпараттың қайнар көзі ретінде көзін көрген, өзімен етене қатынаста болған адам керек-ақ. Осы тектес олқылықтардың салдарынан Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығын зерттеу жұмысына кедергі келіп отыр”. Аталған мақаланың авторы Исатай Кенжалиев Ғұмар Қараштың туған жылын 1874 жылғы деп, өзіндік дәлелін ұсынады:

“... Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінен (КРОМА) /мынадай мәлімет-А.Б./ таптық: 1902 жылы күзде Бөкей даласының Таловка (ол кезде: “Киргизская

Таловка” дейтін — қазір Казталовка) қисымының басқарушысы (правителі деп аталады) Бөкей облысын басқаратын Уақытша Совет председателіне қисымдағы №2 діни приходтың молдасы ауысып, босанған орынға тұрғындар жиыны указной молда етіп Ғұмар Қарашевтің сайланғанын мәлімдеп, орысша қатынас қағаз жазған. Соңында Ғ.Қараш мінез-құлқы жақсы, тергеуде, сот астында болмаған, ал жасы 28-де деген. Бұдан біз Ғұмар діни лауазымға алғаш рет ие болғанын және жасын дәл анықтап отырмыз. Міне, бұл құжат бойынша, Ғұмар Қарашұлы 1874 жылы туған болады” [2]. Осындай бірнеше дәйекті дәлел келтіре отырып, мақаланы жазушы Ғұмар Қараштың туған жылын 1874 жыл деп көрсетуді ұсынады.

Ғұмар Қараштың саяси көзқарасының өсіп-жетілуіне 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі әсер етеді. Оған қоса Ғұмар Қараш татар тілінде шығып тұрған “Ульфат”, “Шура” сияқты мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар жариялап, өзіндік қолтаңбасын танытқан. Газеттерде мақала жариялаумен шектеліп қана қоймай, Елеусін Бүйрин есімді азаматпен халқының жоғын жоқтаған “Қазақстан” атты газет шығарған. Газеттің алған бағыты негізінен, елді білімге, өнерге, ғылымды дамытуға шақыру болды. Газетте Ғұмар Қараштың фельетондары, публицистикалық және әдеби очерктері басылып тұрған. Ал бұл газет жабылғаннан кейін 1913—1918 жылдар аралығында “Аға тұлпар” жинағы, “Қан мен жан” атты кітабы, Ордада “Педагогика” атты еңбектері жарық көрген. Сол аралықта ол “Мұғалім” атты тұңғыш педагогикалық журналға және 1918 жылы Ордада дүниеге келген алғашқы Жазушылар одағын құруға да атсалысады. Осыған орай, Ғұмар Қараш татар тілінде шығып тұрған “Ульфат”, “Шура” сияқты мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар жариялап, өзіндік қолтаңбасын танытқан.

Ғұмар Қараш шығармашылығы туралы мәліметтердің ішінде аса көп кездесетіні — оның ақындық қыры турасындағы зерттеулер. Оның себебі — Ғұмар Қараштың көп еңбегі өлең сөзбен жеткендігінде. 1992 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде Ғұмар Қараш туралы ағылшын ғалымы Томас Винердің пікірі берілген. 1958 жылы Англияда жарық көрген “Орта Азия әдебиеті” атты жинақта Ғ.Қарашты ислам мәдениетін және қазақ халқының салт-дәстүрін жырлаған ақын ретінде қарастыра келе ол: “Оның поэзиясы

Сұлтанмахмұт Торайғырдың поэзиясы сияқты — саяси және өлеуметтік мазмұнға толы. Ол патшалық Ресейден ауыр ұлттық және өлеуметтік езгі көріп отырған өз ұлтының жырын жырлайды. Қазақ халқының дәстүрлі поэзиясынан төлім алған Ғұмар Қараш орыстың өлеуметтік поэзиясына да еліктейді. Төменгі берілген өлең жолдары осыған дәлел:

Мал да жоқ, бейіл де жоқ бұ заманда,
Деспе ұстап сопысынып, солған заман.
Жөн білмес, жолға жүрмес надан сопы,
Қисапсыз біздің елде толған заман.
Көсіп жоқ, қарекет жоқ, көзін сүзіп,
Келемеж қарлығашқа болған заман.
Алданып қиялиға өуре болып,
Сақалды берген қазақ қолдан заман.
Кідіріп біздің қазақ қалып соңғы,
Басқалар асқан оң мен солдан заман.
Теп-тегіс өнер-ғылым білген елдер,
Қазақтан басып жетіп озған заман.
Қор қазақ, жалқау қазақ, надан қазақ,
Адасып алды-алдына тозған заман.
Кең жайлау еркін қоныс, ендіген мал,
Ол дәурен келмес қайта озған заман... [3]

Бұл жолдардың халық ақындарының дәстүрімен тығыз байланысы байқалады. Және қазақтың өткен өмірін, Қазақ Ордаларының орысқа қосылмай тұрып, ұшан-теңіз далада емін-еркін көшіп-қонып жүрген заманын аңсау бар. Өзге өлендерінде де Ғұмар Қараш болашаққа, келешекке үлкен үміт сеніммен қарайды, қазақ халқының бақытты өмірін аңсайды. Оның осы сияқты өлендерінен халық ақындарының эпикалық поэзиясына жақындығын айдан анық көруге болады.

Зерттеушілер қай қырынан қарастырса да, көп жағдайда оның өлендерін тілге тиек етіп отырған. Мысал ретінде Ғұмар Қараштың құқықтық көзқарасын зерттеп жүрген А. Ысмайловтың талдауын қарастыралық. Ол “Ғұмар Қарашев сот билігі және заңдылық туралы” деген мақаласында: “... XX ғасырдың басындағы Қазақстанда кең өріс алған заңсыздық, әділетсіздік пен адам құқының аяққа тапталуы Ресей империясының бюрократиялық шовинизмінің тікелей жемісі еді. Патша өкіметі біртіндеп, саяси-өкімшілік, құқықтық реформалар жасау арқылы қазақ мемлекеттілігінің көшпелі өмір салтына, тыныс-тіршілігіне тән құқықтық, мемлекетті басқару институттарын жоюдың нәтижесінде өзі қойған мақсаттарға жетті. Хандық билікті жойып, Ресейдегі басқару жүйесіне жақындатылған билік жүргізу аппараты қалыптасты. Бұл процесс қазақ халқына бұрын беймәлім болып келген қағаз былықтылы-

ғын, чиновниктердің бюрократиясын, басқару аппаратының бақылаусыздығын, заңсыздығын орнатты” [4], — деп Ғ.Қараштың саяси көзқарасын сипаттайды.

Сол замандағы өзге де қазақ зиялылары сынды Ғ.Қараш та саяси оқиғаларды қатаң сынға алып, олармен күресудің жолдарын көрсетіп отырған. Ғұмар Қараштың “Аға тұлпар” жинағына енген:

Хан бар еді сол күнде,
Ақ сұңқарға ұқсаған.
Билер жүйрік бар еді,
Хас тұлпарға ұқсаған.

Әділ қазы бар еді алмас қылыш ұстаған, — дейтін өлеңі қазақ даласында билік сот арқылы қандай да болмасын шиеленіскен дауды шешендікпен, тапқырлықпен шешіп отырғандығын меңзей, сол жүйеге ырзашылығын білдіреді. Ғұмар Қараш та билер сотының әділет ісін жүргізуде жағымды жақтарының 1867—1868 жылдары жасалынған өкімшілік реформалар арқылы жойылып, сайланатын халық сотын енгізуді — патша үкіметінің билер институтын жоюға бағытталған әрекеттері ретінде бағалайды. Ондағы мақсат — орыс саяси-құқықтық жүйесін қазақ даласына енгізу болды. Ғасырлар бойы билік жүргізген билер соты реформаға ұшырағаннан соң халық арасында сөзге тоқтау, әдеттік құқықтық нормалардың сақталуы босансып, ел арасында паракорлық жайыла бастаған.

Ғұмар Қараш еңбектеріндегі публицистикалық нышан ретінде оның бір мәселені қойып, міндетті түрде тығырықтан шығудың жолын айтуын атауға болады. Мәселен, құқық бұзушылық тақырыбына жазған мақаласында: “Халбүки, сол іссіз, жүруден бек көп зарарлы бұзықтылықтар туады: қарап жүре алмай ғайбат айтады, сөз жүгіртеді, екі ағайынды бір-біріне араз, ашу қылады. Қызметсіз қыдыру себепті, жарлы жақыбайдың шаруасына да қай шекте зарар етіп кесір болатыны күнбе — күн көз алдымызда болып тұрған оқиғалар емес пе”, — дей келе, бұл кеселдің себебін айқындап, одан арылудың жолын меңзейді: “Бұл бекершілік жаман әдетке себеп — надандық. Ешбір халық мұндай зарарлы ғадеттерден оқымай, білік иесі болмай арыла алмайды. Надандықтың зарары жалғыз бұл ғана емес. Мұнан басқа да бек көп”. Ол оқырманды надандықтан арылып, сауатты азамат ретінде өмір сүру салтына жауапкершілікпен қарап, бос жүрістен тыйылуға шақырады. Өркениеттің шыңына жетіп қалдық деп ұрандағанмен, бабалар

мұрасынан алар өнегеміз өлі де мол. Бұл сөзімізді ақиқатты таныған кез келген қазақ зиялысының еңбегі растайды. Тәуелсіздігіміз баянды, керегеуығымыз берік болсын десек, жаһанданудың селіне көз жұма ере бермей, тарихымызды түгендеп, өткеннен сабақ алудың да қажеттігін ұмытпағанымыз абзал. Осы мақсатта, қазақтың тарихи ақтандақтарының қызметін зерттеу ісі келешекте де жалғаса бермек.

ӘДЕБИЕТ

1. *Исмайлов А.* Ғұмар Қараштың өмірі мен қызметі / Қазақ тарихы. 2003. №6. 23–25-бб.
2. *Кенжалиев И.* Ғұмар Қарашұлы туралы жаңа деректер // Жұлдыз. 1995. № 1. 206–208-бб.
3. *Аққұлұлы С.* Ғұмар Қараш // Егемен Қазақстан. 1992. 23 мамыр.
4. *Исмайлов А.* “Ғұмар Қарашев сот билігі және заңдылық туралы” // Яссауи университетінің хабаршысы. 2000. №3.